

НАЗВАНИЕ:

Солтүстік Тянь-Шань ауданының сейсмикалық деңгейінің геомагниттік сипаттамасы

ДАТА ОТЧЕТА:

2020-05-30 00:32:40

АВТОР:

Умирбаева Акмарал Шалабайқызы

НАУЧНЫЙ РУКОВОДИТЕЛЬ:

Абиш Шарапатов

ПОДРАЗДЕЛЕНИЕ:

ИГНиГД

ДАТА ЗАГРУЗКИ ДОКУМЕНТА:

2020-05-30 00:31:22

ЭТО ЧИСЛО ПОКАЗЫВАЕТ СКОЛЬКО РАЗ ПРОВЕРЯЛИ ДАННЫЙ ДОКУМЕНТ**ЧИСЛО ПРОВЕРОК ДОКУМЕНТА:**

1

АДРЕСА, ВВЕДЕННЫЕ ПОЛЬЗОВАТЕЛЕМ, ВО ВРЕМЯ АНАЛИЗА НЕ БУДУТ ИСПОЛЬЗОВАНЫ ДЛЯ ПРОВЕРКИ НА ЗАИМСТВОВАНИЯ

ПРОПУЩЕННЫЕ ВЕБ-СТРАНИЦЫ:

Уровень заимствований

Обратите внимание! Высокие значения коэффициентов не означают плагиат. Отчет должен быть проанализирован экспертом.

4,16%

% комбинаций из 5 слов, найденный во всех доступных источниках, кроме БЮА

1,04%

% комбинации 25 -слов, найденных во всех доступных источниках, кроме БЮА

0,87%

% найденных слов в тексте, помеченных как цитаты

25

Длина фразы для коэффициента подобия 2

7974

Количество слов

68674

Количество символов

Предупреждение и сигналы тревоги

В этом разделе вы найдете информацию, касающуюся манипуляций в тексте, с целью изменить результаты проверки. Для того, кто оценивает работу на бумажном носителе или в электронном формате, манипуляции могут быть невидимы (может быть также целенаправленное вписывание ошибок). Следует оценить, являются ли изменения преднамеренными или нет.

Замена букв 3 показать в тексте

Использование символов из другого алфавита - может указывать на способ обойти систему, поэтому следует

установить их использование.

Интервалы 0 показать в тексте

Количество увеличенного расстояния между буквами (просим определить является ли расстояние имитацией пробела, так как исходно слова могут быть написаны слитно).

Микропробелы 0 показать в тексте

Количество пробелов с нулевым размером - необходимо проверить влияют ли они на неправильное разделение слов в тексте.

Белые знаки 0 показать в тексте

Количество символов, выделенных белым цветом, пожалуйста, проверьте не используются ли белые символы вместо пробела, соединяя слова (в отчете подобия система изменяет автоматически цвет букв в черный, чтобы их сделать видимыми).

Займствования по списку источников

Просмотрите список и проанализируйте, в особенности, те фрагменты, которые превышают КП №2 (выделенные жирным шрифтом). Используйте ссылку «Обозначить фрагмент» и посмотрите, являются ли выделенные фрагменты повтояющимися короткими фразами, разбросанными в документе (совпадающие сходства), многочисленными короткими фразами расположенные рядом друг с другом (парафразирование) или обширными фрагментами без указания источника ("криптоцитаты").

10 самых длинных фраз (3,14 %)

Десять самых длинных фрагментов найденных во всех доступных ресурсах.

| Порядковый номер | Название и адрес источника URL (название базы) | Автор | Количество идентичных слов | <u>Удалить все</u> <u>обозначения</u> |
|------------------|---|------------------|----------------------------|--|
| 1 | https://stud.kz/referat/show/71160 | | 58 0,73 % | показать в тексте |
| 2 | https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%A2%D3%99%D2%A3%D1%96%D1%80%D1%82%D0%B0%D1%83 | | 25 0,31 % | показать в тексте |
| 3 | Өзен кен орнының ұңғыма түбіне әсер ету әдістерін таңдау жобасы_Джанкасимов У.А.doc <i>Satbayev University (ИГНУГД)</i> | Джанкасимов У.А. | 24 0,30 % | показать в тексте |
| 4 | Өзен кен орнының ұңғыма түбіне әсер ету әдістерін таңдау жобасы_Джанкасимов У.А.doc <i>Satbayev University (ИГНУГД)</i> | Джанкасимов У.А. | 24 0,30 % | показать в тексте |
| 5 | Өзен кен орнының ұңғыма түбіне әсер ету әдістерін таңдау жобасы_Джанкасимов У.А.doc <i>Satbayev University (ИГНУГД)</i> | Джанкасимов У.А. | 24 0,30 % | показать в тексте |
| 6 | https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%A2%D3%99%D2%A3%D1%96%D1%80%D1%82%D0%B0%D1%83 | | 24 0,30 % | показать в тексте |
| 7 | BSU/Əhmədova Aytac Nurəddin qızının 22.pdf <i>Baku State University (Kitabxana&Riyaziyyat)</i> | BSU | 21 0,26 % | показать в тексте |
| 8 | http://fizmathim.com/osobennosti-formirovaniya-lokalnyh-variatsiy-geomagnit-nogo-polya-obuslovlennyh-dinamikov-sredy-ashhabadskogo-seysmoaktivn | | 18 0,23 % | показать в тексте |
| 9 | http://ntokaxak.kz/wp-content/uploads/2014/06/lzv33-2011.pdf | | 17 0,21 % | показать в тексте |
| 10 | https://stud.kz/referat/show/71160 | | 15 0,19 % | показать в тексте |

из базы данных RefBooks (0,00 %)

Все фрагменты найдены в базе данных RefBooks, которая содержит более 3 миллионов текстов от редакторов и авторов.

| Порядковый номер | Название | Автор | Количество идентичных слов (количество фрагментов) | Удалить все обозначения |
|------------------|----------|-------|--|---|
|------------------|----------|-------|--|---|

Заемствований не найдено

из домашней базы данных (0,90 %)

Все фрагменты найдены в базе данных вашего университета.

| Порядковый номер | Название | Автор | Дата индексации | идентичных слов (фрагментов) | Удалить все обозначения |
|------------------|--|------------------|-----------------|------------------------------|---|
| 1 | Өзен кен орнының ұңғыма түбіне әсер ету едістерін таңдау жобасы_Джанкасимов У.А.doc <i>Satbayev University (ИГНУГД)</i> | Джанкасимов У.А. | 2019-04-30 | 72 (3) 0,90 % | показать в тексте |

из программы обмена базами данных (0,26 %)

Все фрагменты найдены в базе данных других университетов.

| Порядковый номер | Название <i>Название базы данных</i> | Автор | Дата индексации | Количество идентичных слов (количество фрагментов) | Удалить все обозначения |
|------------------|---|-------|-----------------|--|---|
|------------------|---|-------|-----------------|--|---|

| | | | | | |
|---|---|-----|------------|------------------|-----------------------------------|
| 1 | BSU/Əhmədova Aytac Nureddin qızının 22.pdf <i>Baku State University (Kitابخana&Riyaziyyat)</i> | BSU | 2019-07-11 | 21 (1) 0,26 % | показать в тексте |
|---|---|-----|------------|------------------|-----------------------------------|

из интернета (3,00 %)

Все фрагменты найдены в глобальных интернет-ресурсах открытого доступа.

| Порядковый номер | Источник URL | идентичных слов (фрагментов) | Удалить все обозначения |
|------------------|---|------------------------------|---|
| 1 | https://stud.kz/referat/show/71160 | 86 (3) 1,08 % | показать в тексте |
| 2 | https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%A2%D3%99%D2%A3%D1%96%D1%80%D1%82%D0%B0%D1%83 | 71 (4) 0,89 % | показать в тексте |
| 3 | http://ntokaxak.kz/wp-content/uploads/2014/06/lzv33-2011.pdf | 32 (3) 0,40 % | показать в тексте |
| 4 | http://fizmathim.com/osobennosti-formirovaniya-lokalnyh-variatsiy-geomagnitnogo-polya-obuslovlennyh-dinamikoy-sredy-ashhabadskogo-seysmoaktivn | 30 (2) 0,38 % | показать в тексте |
| 5 | https://www.ektu.kz/departments/fnoz/sub_departments/gigd/speciality/bachelor.aspx | 20 (2) 0,25 % | показать в тексте |

Проверенный текст документа (заемствования отмечены в соответствии с найденными источниками):

Пожалуйста, обратите внимание на то, что система не указывает на плагиат. Если возникают какие-либо сомнения, отчет подобия должен быть подвергнут тщательному анализу.

Виды источников

- База данных университета
- Источник Интернет
- База данных RefBooks
- Цитаты

☒ - Замена букв

1 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті
Қ.Тұрысов атындағы Геология және мұнай-газ ісі институты
Геофизика кафедрасы

Умирбаева Акмарал Шалабайқызы

Тақырыбы: «Солтүстік Тянь-Шань ауданының сейсмикалық деңгейінің геомагниттік сипаттамасы»

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

5 5B070600- «Геология және пайдалы қазба кенорындарын барлау» мамандығы

Алматы 2020

1 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті
Қ.Тұрысов атындағы Геология және мұнай-газ ісі институты
Геофизика кафедрасы

ҚОРҒАУҒА РҰҚСАТ Геофизика кафедрасының меңгерушісі, геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор _____ Абетов А.Е. «__» _____ 2020 ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «Солтүстік Тянь-Шань ауданының сейсмикалық геомагниттік сипаттамасы»
5 5B070600- «Геология және пайдалы қазба кенорындарын барлау» мамандығы

Орындаған Умирбаева Акмарал Шалабайқызы

Ғылыми жетекші (геология-минералогия ғылымдарының кандидаты, геофизика кафедрасы асоц. профессоры) _____ Ө.Ш.Шарапатов «__» _____ 2020 ж.

Алматы 2020

1 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті
Қ.Тұрысов атындағы Геология және мұнай-газ ісі институты
Геофизика кафедрасы

БЕКІТЕМІН Геофизика кафедрасының меңгерушісі, геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор _____ Абетов А.Е. «__» _____ 2020 ж.

Дипломдық жұмысты орындауға
ТАПСЫРМА

Білім алушы: Умирбаева Акмарал Шалабайқызы

Тақырыбы: «Солтүстік Тянь-Шань ауданының сейсмикалық геомагниттік сипаттамасы»

Университеттің No762-б «27» қаңтар 2020 ж. бұйрығымен бекітілген

Орындалған жұмысты өткізу мерзімі «02» маусым 2020 ж.

Дипломдық жұмыстың бастапқы мәліметтері: «Сейсмология Институты» ЖШС өндірістік оқу тәжірибесі кезінде алынған нәтижелер.

Дипломдық жұмыстың талқылауға берілген сұрақтарының тізімі:

- Солтүстік Тянь-Шань зерттеу аумағы бойынша геологиялық бөлімі
- Аудандағы жарылымды тектониканың негізгі сипаты
- Геомагниттік бақылау торы

г) Зерттеу ауданының жер сілкінісіне дейінгі геомагниттік ауытқуы
Графикалық материалдардың тізімі: презентация 15 слайд
Ұсынылған негізгі әдебиеттер саны: 10.

Дипломдық жұмысты дайындау
ГРАФИГІ

Бөлім атаулары, дайындаған сұрақтардың тізімі Ғылыми жетекшіге, кеңесшілерге өткізу мерзімі
Ескерту

Геологиялық бөлімі 10.03.20 ж.-15.03.20ж.

Аудандағы жарылымды тектониканың негізгі сипаты 12.04.2020 ж.-16.04.20ж.

Геомагниттік бақылау торы 21.04.20 ж.-24.04.20ж.

Зерттеу ауданының жер сілкінісіне дейінгі геомагниттік ауытқуы 26.04.20 ж.-30.04.20ж.

Жобаның оларға қатысты бөлімдерін көрсете отырып, аяқталған дипломдық жұмысқа
консультанттардың және қалып бақылаудың қолдары

Бөлімдер атауы Ғылыми жетекші, консультанттар Қол қойылған күні Қолы

Геологиялық бөлім А.Ш.Шарапатов геология-минерология ғылымдарының кандидаты

Аудандағы жарылымды тектониканың негізгі сипаты А.Ш.Шарапатов геология-минерология
ғылымдарының кандидаты

Геомагниттік бақылау торы А.Ш.Шарапатов геология-минерология ғылымдарының кандидаты

Зерттеу ауданының жер сілкінісіне дейінгі геомагниттік ауытқуы А.Ш.Шарапатов геология-
минерология ғылымдарының кандидаты

Нормобақылау М.М.Әлиакбар Тьютор

Ғылыми жетекші _____Шарапатов А.Ш.

Тапсырманы білім алушы орындауға қабылдады: Умирбаева А.Ш.

Күні « 15 » мамыр 2020 ж.

АҢДАТПА

Дипломдық жұмыста Солтүстік Тянь-Шань зерттеу объектісі бойынша сейсмотектоникасы және
геомагниттік өрістің ауытқуларын бақылау жұмыстары жүргізілген.

Дипломдық жұмыс кіріспе, 2 тараудан, қорытындыдан және әдебиеттер тізімінен тұрады. Құрамы
бойынша геологиялық және геофизикалық бөлімдерге бөліп қарастыруға болады. Геологиялық
бөлімде ауданның геологиялық құрылымынан тұрады, жалпы сипаттама: литологиялық-
стратиграфиялық сипаттамасы, тектоникасы жайында көрсетілген. Солтүстік Тянь-Шань
объектісін зерттеудің негізгі қауіпті аймақтардың сейсмикалық тектоникасы зерделей
зерттелген.

Геофизикалық бөлімде жұмыстың геомагниттік ауытқулар мен бақылау торларына салыстыра
отырып зерттелген. Негізі модульдік және компонентті геомагниттік бақылаулардан жақсы
нәтижелер алуға мүмкіндік бар.

АННОТАЦИЯ

В дипломной работе проведены работы по сейсмотектонике и контролю отклонений
геомагнитных полей по объекту исследования Северного Тянь-Шаня.

Дипломная работа состоит из введения, 2 разделов, заключения и списка литературы. По
составу можно разделить на геологические и геофизические разделы. В геологическом разделе
представлена геологическая структура района общая характеристика: литолого-
стратиграфическая характеристика, тектоника. Изучены основные особенности исследования
Северного Тянь-Шаня и сейсмическая тектоника опасных зон.

В геофизической части мы обращали внимание на геомагнитные отклонения и контрольные
сетки работ. В основном существует возможность получения положительных результатов от
модульных и компонентных геомагнитных наблюдений.

ANNOTATION

In the thesis work was carried out on seismotectonics and control of deviations of geomagnetic fields on the object of research of the Northern Tien Shan.

The thesis consists of an introduction, 2 sections, conclusion and list of references. The composition can be divided into geological and geophysical sections. The geological section presents the geological structure of the area general characteristics: lithological and stratigraphic characteristics, tectonics. The main features of the study of the Northern Tien Shan and seismic tectonics of dangerous zones are studied.

In the geophysical part, we paid attention to geomagnetic deviations and control grids of work. In general, it is possible to obtain positive results from modular and component geomagnetic observations.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе 10

1. Солтүстік Тянь-Шань ауданын геологиялық зерттеу және тектоникалық сипаты 11

1.1 Ауданның зерттеу кезеңдері және мәселерді шешу әдістерін анықтау міндеті 1.2 Ауданның негізгі геологиялық құрылымы 1.3 Жер қыртысының жаңа геодинамикалық режимі 1.4

Аудандағы жарылымды тектоникасының негізгі сипаты 1.5 Қазіргі сейсмикалық сипаты 11 12 13 15 17

2. Солтүстік Тянь-Шаньдағы жер сілкінісіне дейінгі геомагниттік ауытқулар 21

2.1 Геомагниттік бақылаулар торы 2.2 H геомагниттік өріс пен Z компоненттік вариациялар арасындағы Солтүстік Тянь-Шаньдағы сейсмикалық режимі 2.3 Басты Геомагниттік өріс геометриясы 21 25 28

Қорытынды Пайдаланған әдебиеттер тізімі Қосымшалар А Қосымшалар Б 31 32 33 39

КІРІСПЕ

Солтүстік Тянь-Шань жер селкінісі қарсаңындағы геомагниттік ауытқулықтарды бақылай отырып дұрыс мәліметтерге қол жеткізу. Бұл күрделі процестің қазіргі жай-күйі мен оңтайлы технологияларын таңдау кезіндегі белгілі бір қиындықтардың шешу жолдарын іздеу. Зерттеу ауданының аумағында геотектоникалық құрылымдарды анықтай отырып, кезең-кезеңдерімен және интрузивті денелерді анықтау арқылы ерекшеліктерін бағалау.

Сонымен қатар, зерттеліп отырған аудандағы қозғалыстар тектоникалық кезеңдерде орын алған, сондықтан морфоқұрылымның қалыптасуына ерекше әсерін тигізген. Зерттелетін объектілер құрылысының ерекшеліктері туралы егжей-тегжейі түсінік беруге мүмкіндік беретін дәлдігі жоғары және жоғары шешілетін геофизикалық технологиялар пайда болды. Соңғы жылдары бұл технологиялар арқылы нақтылы мәліметтерге қол жеткіздік.

Нақты табиғи бақылау нәтижелері бойынша есептік қатынастарды ескере отырып геомагниттік өрістегі модульде геомагниттік аномалиялар қалыптасып, пайда болады, демек тектоникалық магниттік әсерлер жер қыртысына түсіріліген күш кезінде өзгеріп, күшті жер сілкінісінің пайда болуына себеп тудырады. Толық векторлық геомагниттік өрістік бақылау жұмыстары 14 магниттік вариациялық станцияларда орындалады. Барлық станциялардағы жұмыс әдістемесі біркелкі. Өлшемдер алу жұмыстары автоматты режимде элеткронды сағаттар арқылы әрбір минут сайын, тіпті секунд бойынша орындалады.

Дипломдық жұмыстың мақсаты:

Солтүстік Тянь-Шань ауданының сейсмоактивтілігі мен магнит өрісінің жағдайын салыстыра отырып нақты мәліметтерге көз жеткізу. Қойылған мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу негізделеді: Модульдік геомагниттік бақылау жұмыстарын жоғарға деңгейде жүргізу арқылы, басты мәліметтерге қол жеткізу;

– қазіргі заманғы бағдарламалық-апараттық кешендерді пайдалана отырып Тянь-Шань бекетіндегі жер сілкінісі қарсаңында геомагниттік өрісте орташа ауытқу деректерін талдауды жоғарғы дәлдікпен іске асыру.

Жұмыстың өзектілігі:

-зерттеу объектісінің көрсеткіштері жоғарғы деңгейде болса да, жыл сайынғы алынған нәтижелерде біршама өзгерістерді байқауға болады; -қысқа мерзімдік аномалия ауытқулары коррелялық қызметтермен геомагниттік бекеттерден жер сілкінісі алдында мәліметтерге көз жеткізу.

Дипломдық жұмыста Солтүстік Тянь-Шань ауданы туралы мәліметтер «Сейсмология Институты» ЖШС-те өндірістік тәжірибеден өту барысында далалық және камералдық жұмыстардың нәтижелері бойынша алынған материалдар негізінде құрастырылған.

1. Солтүстік Тянь-Шань ауданын геологиялық зерттеу және тектоникалық сипаты

1.1 Ауданның зерттеу кезеңдері және мәселерді шешу әдістерін анықтау міндеті

1 Тянь-Шань Орал-Моңғол геосинклиналдық белдеуінің орнында пайда болған. Солтүстік Тянь-Шань каледон таужаралымда қатпарланған. Тянь-Шань тау жоталары палеозой мен кембрий дейінгі дәуірлердің тау жыныстарынан құрылған, ал тауаралық қазаншұңқырлар кайнозой және ішінара мезозой шөгінділерімен толған. Ежелгі тау жыныстарымен сынап, түсті және сирек металл, фосфорит кен орындарымен байланысты. Тауаралық қазаншұңқырлардағы мезозой- кайнозой шөгінділеріне мұнай, қоңыр және тас көмір шоғырланған. Мұхиттардан алыста, құрлықтың түкпірінде жатуына және жан-жағынан шөлдер қоршауына байланысты Тянь-Шаньның климаты тым континенттік, құрғақ. Жауын-шашынның ең көп түсетін мерзімі Тянь-Шаньның солтүстік бөлігінде жазға, оңтүстігінде көктемге тура келеді. Орталық Азия мен Қазақстан аумағының Оңтүстік-Шығыс бөлігінде жоғары сейсмикалық аудандарының ішінде Алматы бірден бір сейсмоқауіпті аумақтардың бірі болып табылады. Алматы сейсмикалық қауіпті ауданның жекеленген жерлерінде сейсмикалық белсенділік біркелкі емес. Аса ірі қауіпті жер сілкіністері Алматы сейсмикалық аймақ пен Күнгей-Теріскей Іле мезозонасында болып тұрады, сонымен қатар бұл қауіпті сейсмикалық белдемге Байсаурын-Шелек, Солтүстік Күнгей, Шелек-Кемін зоналары кіреді.

2 Тянь-Шань солтүстігінде Борохоро жотасы арқылы Жетісу Алатауы, оңтүстігінде Алай жотасы арқылы Памир тау жүйесімен түйіседі. Солтүстік шекарасы ретінде батыста Іле аңғары, Мойынқұм, шығыста Жоңғар жотасы алынады. Тянь-Шань ендік жоталар мен оларды бір-бірінен бөліп жатқан тауаралық ірі қазаншұңқырлардан тұрады. Солтүстік Тянь-Шань Кетпен, Күнгей Алатау, Іле Алатауы, Қырғыз Алатауы мен Шу-Іле Алатауларынан тұрады. Солтүстік Тянь-Шань жоталары 4,5 мың метрден биік: Теріскей Алатауы , Іле Алатауы, Қырғыз Алатауы . Солтүстік Тянь-Шаньның бір бөлігі Қытай жерінде орналасқан, Кетпен жотасынан басталады. Кейбір жоталар тауаралық қазаншұңқырларда доға тәріздес иіліп орналасқан.

Алматы сейсмикалық қауіпті аумақтағы күшті жер сілкіністері мен сейсмикалық қауіпті бағалап, болжамдау үшін бірқатар кешенді сейсмикалық мониторинг жүргізіледі. Кешенді зерттеулерге геомагниттік өрістердің вариацияларын бақылау тәсілдері кіреді. Негізгі геомагниттік зерттеулер осы ірі зонаға шоғырланып, оған жанасып ұштасқан аймақтарды қамтып жатыр (Алматы болжамдық полигоны). Алматы болжамдық полигон мен геомагниттік өрістердің өзгерістерін елшеу әдістемелері арқылы магнитті өзгерістерді зерттеу бекеттері арқылы ақпараттар алынған. Сейсмикалық тектоникалық үрдістермен бірге магнитті өрістердің вариациялық байланыстары зерттелген (жер сілкіністері).

Магнитті өріс аймағындағы тектоникалық магнитті және электрокинетикалық әсерлердің теориялық және модельдік зерттеулері негізінде жер сілкінісінің пайда болуында локалды геомагнитік ауытқулар мен геомагнитік ауытқуларды анықтау туралы әдістемелер қолданылады.

1.2 Ауданның негізгі геологиялық құрылымы

Зерттеу ауданының аумағында ірі неотектоникалық құрылымдар анықталған, демек аталмыш аймақтар консолидациялану кезеңдерімен және интрузивті денелерді кіріктіру арқылы ерекшеленген. Аталмыш құрылымға Кіндіктас-Теріскей Алатау, ордовиктік Жоңғар қатпарлы-магматогенді белдем кіреді. Аталмыш белдемде интрузивті массивтер, қатпарлы құрылымдар таралып, сақталған. Ішіндегі ең ірі құрылымдарға Теріскей Іле, Күнгей, Кіндіктас антиклинориясы, Шілік-Кемін, Іле, Тастау (Солтүстік Жоңғария) және Бораталин синклинориясы, Орталық Жоңғар мен Оңтүстік-Жоңғария тау сілемдері, мен антиклинориясы енген (А.сурет 1.1).

Теріскей Іле антиклинориясы субендік бағытта, жарылымдармен қатар созылып жатыр. Оның осьтік бөлігінде соңғы ордовиктік гранитоидты интрузиялар таралған, арасында тектоникалық блоктар мен ксенлиттерде протерезойлық ақтұз, кемін свиталарының метаморфтық таужыныстары сақталып, таралған. Солтүстік аумағында құрамы бойынша төменгі карбонның вулканииттері таралған, арасында орта карбон мен жоғары пермдік интрузиялар таралған. Шөгінді-вулканогенді таужыныстар антиклинория беткейлерінде кеңінен таралған, мұнда ірі құрылымдар 25 - 35 градустық бұрышпен құлдыланып, беткейленген.

Күнгей антиклинориясы орталық массивтегі Мойынқұм-Нарат аумағының шеткі бөлігі болып табылады, сондықтан қарастырылып отырған ауданның оңтүстік бөлігінде орналасқан. Солтүстігі мен оңтүстігінде субендік бағытта терең жарылымдармен шектеліп, 250 км дейін созылып жатыр. Антиклинорияның үлкен бөлігін соңғы ордовиктік граниттегі Күнгей батолиттері алып жатыр, ал осьтік бөлігінде тектоникалық блоктар мен ксенолиттердің субендік белдемдері байқалады. Құрылымдар белдемінде орта протерезойлық гнейстер, амфиболиттер, кварциттар, тақтатастар таралған. Орталық массивтегі солтүстік шекара жоғары протерезойлық

мәрмәрлармен, доломиттермен, тақтатастармен, құмдақтармен, құмды құрылымдармен жалғасын тауып, созылып жатыр.

Аталмыш қыраттың солтүстік-батыс бөлігіне ұштасқан Кіндіктас антиклинориясы соңғы кембрий мен ерте палеозойда дамып, қалыптасқан. Құрылым осьтері солтүстік-батыс бағытта созылған. Каледондық денудациялық қатпарларда гранитоидтар таралған, яғни аталмыш түзілімдер соңғы каледондық (девондық) және герциндік құрылымдарда қалыптасқан. Оңтүстік Жоңғарияда аса ірі құрылымдық элемент Сарыөзек брахисинклинориясы болып табылады. Аудан төменгі карбон мен жоғарғы палеозойда континенталды вулканогенді түзілімдердің жинақталуы нәтижесінде қалыптасқан, демек жиналымдар баяу иілімдену нәтижесінде дамыған. Осындай жағдайда Іле синклинориясы да қалыптасып дамыған, демек оңтүстік беткейі Іле алатауының солтүстік сілемдерінің шығыс аумағында қалыптасып орналасқан. Мұнда каледондық геосинклинальды кешеннің орталық қабаттары анықталып силурлық таужыныстармен көмкерілген, жоғарғы орогендік құрылымдық қабатта бөлікті ауытқулар байқалады, яғни тілімдену сипаты қалыптасып отыр.

1. Жер қыртысының жаңа геодинамикалық режимі

Жаңа құрылым пайда болған кезде палеозойлық құрылымдар қайта өңделіп, терең иілімді жарылымдар мен бағыт бойынша жанасқан зоналар, тұрақты блоктар қалыптасқан. Зерттеліп отырған ауданда жаңа қозғалыстар режимінің моделі блок жүйесі түрінде сипат алған, яғни шекаралары жарылым қызметін атқарады. Көптеген жарылымдардың тереңдік бойынша енкіштігі жер қыртысына жер бедерінің түрлі сипатын қалыптастырады (А.сурет 1.2). Ұзақ жылдар бойы блоктардағы геотектоникалық кезеңдер, қозғалыстар деструкция кезінде эпигерциндік платформа қабатында өзгерістерге ұшыраған. Төменде жаңа қозғалыстар мен ауданның морфоқұрылымы берілген, демек геотектоникалық режимдер бойынша анықталған аумақтар белгілі бір құрылым сипатын қалыптастырады.

Жер қыртысындағы тұрақты көтерілімдер мен қозғалыстар морфоқұрылымдық сипат алады. Аудан бойынша аса ірі қарастырылған морфоқұрылымға Теріскей Іле, Күнгей Іле аудандары кіреді. Теріскей Іле мега антиклинальді ендік бағытта солтүстік-шығысқа қарай созылып жатыр. Солтүстігінде Теріскей Ілемен, оңтүстігінде Шелек-Кемін жарылымдарымен шектелген. Аталған ірі жарылымдардан басқа, морфоқұрылымдарда көденең және тік құламалы жарылымды бұзылыстар кездеседі. Осыған қарамастан тектоникалық бұзылыстар, жалпы жер бетіндегі қыртыс құрылымдары мен морфологиясы реликті нәтижесінде қалыпқа келтірілген, кейбірі 4500 - 4600 м биіктіктерде кездесіп жатады, негізінен гипсометриялық орналасуы бойынша беткі қабат деңгейлері әртүрлі суайрықтармен бөлінген. Теріскей Іле мегаантиклиналінің солтүстік беткейінде көне сипаты қалыптасқан. Жер бетінің оңтүстік аумағында еңістену тегістелген, ал Шелек өзені аңғарының бойынша беткейлік биіктіктер 4200-3100 м аралықтарында өзгеріп отырады. Жалпы алғанда Іле антиклиналіндегі төбелік қайта құрылымдану асимметриялық морфоқұрылымдарды қалыптастырады, ал солтүстік-батыс бағытта ірі төбешіктер мен ысырмалы жылжымалар орын алады (Алматы және теріскей Іле). Жүйелердің арасында тау алды сатылы беткей сілемдері орналасқан. Аймағында орогенге дейінгі беткейлер неогендік және төрттік түзілімдермен жабындалған. Блок арасында көтерілімдер байқалады, сондықтан беткі аумағын төрттік кезең таужыныстары көмкеріп жатыр. Күнгей антиклинорийі Теріскей Іленің оңтүстігін қамти отырып, субпаралельді бағытта созылған, демек Шелек-Кемін жарылымдарынан бөлектеніп тармақталады.

О.К.Чедия мәліметтері бойынша Күнгей антиклинорийі жаңа морфоқұрылым болғандықтан төрт мегантиклиналдан құралған, атап айтсақ: Батыс-Күнгей, Шатқал-Ағалаш, Шығыс-Күнгей. Соңғы үш мегақұрылым оң жақ күмбезді жүйелермен жанасып ұштасқан. Барлық төрт морфоқұрылымдарға шұғыл асимметриялық сипат тән: оңтүстік қанаты дөңесті болып келеді, сондықтан пенеплендену сипаты сақталады, солтүстігі тік құламалы, жарылымды бұзылыстар орын алғандықтан солтүстіктегі құрылымдармен ұштасып, отырады.

Орталық және Шығыс-Күнгей мегаантиклиналі арасында Ақсу грабені орналасқан. Грабендермен шектелген жарылымдар сейсможаралыстармен, жарлармен, бұзылыстармен жылымалы ысырмалармен тікелей байланысты. Көпшілігіндегі аталмыш сейсмодислокациялар Кемін жер сілкінісі кезінде 1911 жылы пайда болып дамыған. Теріскей Іле мен Күнгей антиклинориясы Шелек-Кемін зоналық жарылымдарымен бөлінген, яғни субпаралельді және күмбезді тілімденген жарылымды бұзылыстармен таралып, жүйелік сериялармен тармақтанған. Бұл зонада геологиялық тарихи белсенділік алып келеді.

Зерттеліп отырған аудандағы қозғалыстар альпілік тектоникалық кезеңдерде орын алған, сондықтан морфоқұрылымның қалыптасуына ерекше әсерін тигізген. Қауіпті құрылымдардың сейсмикалық сипаты жергілікті жердің морфологиясы арқылы анықталады. Барлық күшті қауіпті

жер сілкіністері фронталды жылжымалы ысырмалы зоналармен берілген. Сонымен қатар нашар деңгейі орташа жер сілкіністері байқалып тұрады. Сыртқы деңесті морфоқұрылым беткейлері мен сілемдері күрделі ысырындылар арқылы созылып, орташа әлсіз жер сілкіністерімен сипатталып, орындалады, нәтижесінде күрделі құрылымдар ассоциацияланады. Оңтүстік Жоңғариядағы морфоқұрылымдардың антиклинальды типтегі жүйесі моновертті жүйемен қалыптасып, оңтүстік-шығыс бағытта вергенттілік векторымен ұштасады. Бұл жүйеге Малайсары, Алтынмел, Қаттытау мегантиклиналдары енген, демек аталмыш тау жүйелері, Оңтүстік-Жоңғар мен Қапшағай трансформды ысырмалар мен жылымалар арасында орналасқан. Соңғы құрылымы кайназойлық қатпарлы құрылымдармен көмкеріліп, морфологиялық ерекшеліктеріне байланысты таужыныстарымен ерекшеленген, екінші жағынан алатын болсақ, аталмыш жүйеде жер сілкіністері нашар байқалады. Жер қыртысының еңістенген бедеріндегі морфоқұрылымдар анық байқалады. Облыстағы ірі морфоқұрылымдардың қатарына жер қыртысының еңістене төмен түскен аумақтары енеді, атап айтсақ Алматы, Іле және т.б қазаншұңқырлар. Олардың жалпы конфигурациясына келетін болсақ жер бедерінің жарылымдары арқылы анықталады. Дифференсацияланған қозғалыстар қалыптасқан зоналардың морфоқұрылымында мегантиклинальдардың екі тармағы байқалады, демек ұқсас морфологиялық сипат алады. Құрылымдары бойынша тау алды беткейлерін қалыптастыра отырып, фронталды қырат зонасында, мегантиклиналт мен неогендік, төрттік түзілімдер қатарын ұштастырып отырады. Неоген кезеңдерінде бұл блоктар төмен түсіп тау алды ойпаттың шеткі аймақтарын қалыптастырған. Төрттік кезеңдерде антиклинориялық блоктардың қозғалыстары нәтижесінде көтерілу сипатына ие болған (Теріскей Іле, Күнгей және т.б). Белгілі болғандай морфоқұрылымдардың нақты вергенттілігі көрініс табады.

2. Аудандағы жарылымды тектоникасының негізгі сипаты

Жер сілкіністері кезінде бұзылыстар ошағының әсер етуі: жарылымды бұзылыстар-тектоникалық білінімдердің нақты формасы. Жалпы алғанда Солтүстік Тянь-Шань үшін екі бағыттағы жарылымдар сипаты тән , атап айтсақ шығыс-солтүстік-шығыс (тянь-шаньдық) және солтүстік-батыс (қаратаулық). Осыларға жақын бағытта Жоңғар Алатауының тау жүйесіндегі тау алды қыраттарының сипаты жақын келеді. Кайназойда пайда болған блоктардың орын ауыстыруы мен таралуы қыраттар мен тау жүйесінің қалыптасып дамуына, ойпаттардың тау аралық құрылымдарына негіздеме болады. Қырат жүйесі ойпаңдарды бөлетін құрылым болып табылады. Ең басты құрылымдары көне уақыттарда ауданның геологиялық дамуына ерекше әсер етеді, сондықтан Тянь-Шань мен Жоңғар-Солтүстік-Тянь-Шаньдық жылжымаларды, солтүстік батыста Шу-балқаш ойпатын суайрықтар арқылы бөліп тұрады. Тянь-Шань бағытындағы ұзақ мерзімді жарылымдар қатарына Мынчукур, Сарычильдин, Текели-Усек, Алтынмел, Каракундуз, Каракастек, Кемин-Ушкөңір, Чилик-Кемин, Байсорун-Чилик, Солтүстік-Күнгей т.б кіреді. Қаратаудың ірі жарылымдарына Анрахай, Балхаш, Карой, Қопа, Кендыктас, Актюз-Актас құрылымдары кіреді. Соңғы төртеуі-жалайыр-найман зонасының тармақтары мен саласы болып табылады. Солтүстік-батыс жарылымдарындағы жүйелер Тянь-Шань мен Жоңғарияның оңтүстік-шығыс аумағында анық байқалады. Бұл Батыс-Жоңғар (Солдатсай), Оңтүстік-Жоңғария, Алакөл-Жоңғары, ал оңтүстігінде Бас Боралдай, Право-Талғар, Асин, Жаланаш, Кенсу жүйесіне кіреді [90,103,105-107].. Солтүстік-батыс бағытта жарылым жүйелерінің вертикалды таралу амплитудасы әртүрлі болып келеді: демек 300-90-1000 м жетеді (Сарытау қыратының шығысын шектейтін жарылымдар, ал Бала және Үлкен Бөгеті тауларының оңтүстік-батысында жарылымды бұзылыстар орын алады. Сонымен қатар Талғар шыңының төбесі, Қараш қыратында жарылымды бұзылыстар орын алған). Солтүстік Іле ойпатының солтүстігінде орналасқан жарылымды бұзылыстар төрттік кезеңді қамтыған. Шу-Іле таулы ауданы үшін және Жоңғар Алатауының қыраттарындағы қозғалыстар жеңіл анықталады, демек аталмыш тектоникалық қозғалыстар орта-соңғы төрттік кезеңдерде дамып қалыптасқан. Негізгі аумақтық жарылым топтары бойынша палеозойлық көтерілімдер ірі блоктарға бөлінген: Шу-Іле, Жоңғар, Іле, Кіндіктас, Теріскей Іле, Шу, Күнгей және т.б. бұл жарылымды бұзылыстар мантияның жоғарғы қабаттарына дейін жетіп, қабатшалар арқылы жер қыртысының ірі кесекті қатты блоктарын қалыптастырған. Жанама көтерілімдер құлаған кезде жер қыртысының блоктары өзара екі терең жарылымдармен қосылып, белсенді керней күштерінің әсерінен аса кіші бөліктерге бөлінген. Осындай жағдайда пайда болған жарылымды бұзылыстардың өлшемдері мен бағыттары әртүрлі болады. Екі ірі жарылымды бұзылыстар жүйесі бойынша жарылымдар тобы қалыптасып, ажыраулар тізбегін құрайды. Өлшемдері мен орналасу реті берілген күштің жағдайына, ішкі блоктық ортаның құрамы мен құрылымына, әсер еткен күш, кернеулеріне тікелей байланысты. Орта және ірі масштабты

геологиялық түсірілімдер бойынша ауданның барлық аумағында әсіресе ашық биік таулы бөліктерде әртүрлі бағыттағы жарылымдар торы шоғырланып, дамыған Дизъюнктивті тектониканың кеңінен таралған білінімдері арқылы жер қыртысының қатты, сынғыш орта екендігін білуге болады. Жер қыртысының екі қабатты құрылымы жарылымдардың сандық және сапалық жағдайына әсерін тигізеді, демек төменгі бөлігінде тұтқыр таужыныстары таралып, базальтоидты қатарлармен бірге көмкерілген. Жоғары температура, қысым жоғары болған сайын жер қыртысының беткі қабаты сыныш «гранитті» болып келеді, яғни қысым мен температураның мөлшері аса жоғары болып келеді. Жер сілкінісінің ірі ошақты гипоорталығы аталмыш ауданда осы «гранитті» қабаттарда шоғырланған, яғни болжамданған қозғалыстардың орын алуына себепші болады. Көптеген жағдайда жоғары қатарлы терең жаралымдар тектоникалық ағаш құра отырып, жарылыс, бұзылыс жүйесін қалыптастырады [90,93]. Негізгі бағаналардағы күштің өзгерістері барлық тармақтарға таралып, терең жаралымдар бұзылыс жүйесінде дислокациялық өзгерістерді тудырады. Осы кезде кішігірім блоктар мен жыралар орын алмасып, нәтижесінде пенепленену біртұтастылықты қалыптастырады. Осыған орай біртұтас блокта қосымша күрделі құрылымдар пайда болып дамиды. Белсенді қозғалыстардың нәтижесінде күрделі жер бедері қалыптасады. Дислокациялық өзгерістердің пайда болуы жекеленген екі бөліктердің қалыптасып, бірге орын алуында. Осы кезде бірнеше жаралымды бұзылыстар қалыптасып, локалды күш қатары қалыптасады. Көптеген блоктар мен қыраттар ірі мегаблоктардың «құрылымдары» терең жаралымдармен шектелген. Бұл үрдістер дислокациялар соңынан уақытқа байланысты орындалады. Ауданның сейсмикалық жағдайы аса жоғары, әлсіз орташа қозғалыстағы тербелістер байқалады. Жер асты дүмпулерде болып тұрады. Негізгі дүмпулер табиғи үрдістерде байқалып жатады.

Бірінші категориялы қозғалыстары қалыптасқан жер сілкіністері жоғары күшке ие, әсер ету сипаты жоғары деңгейде болады, күшті сілкіністер, жер асты дүмпулері орын алады. Осы кезде ірі жаралымдар бір-бірімен соқтығысып, ірі массалы блоктары қақтығыстар тудырып, өзара орын алмастырады. Аталмыш үрдіс сипатына қарай отырып геологиялық негіз үшін сейсмикалық аудандастыру кезінде бұзылыстарды анықтап, тереңдік бойынша жер қыртысының терең категорияларын анықтай аламыз. Шу-Балқаш белдемдерінің шығыс бөлігіндегі ірі терең жаралымдарға келесілер жатады; Анрахай, Қопы, Кіндіктас, Жоңғар-Солтүстік -Тянь-Шаньдық Колпаков, Сарқанд, Борталы жарылым топтары, Оңтүстік Жоңғария, Жоңғар Алатауы.; Алма-Аты, Кемін-Үшқоңыр, Шелек-Кемін, Солтүстік-Күнгей, Солтүстік-Есік-Көл жарылым топтары, Теріскей және Күнгей Алатауы [88,90,105,108]. Бұл барлық жарылымды бұзылыстар бірнеше жүздеген километрге созылып, жер қыртысын ірі блоктармен шектейді, атап айтсақ ойпаттар мен қыраттар. Жоңғария-Солтүстік-янь-Шаньдағы вертикалды таралымдар амплитудасы шамамен 1000 м, ал Шу-Балқаш белдемінде солтүстікпен оңтүстікке қарай 150 - 250м созылады. Теріскей Алатау, Қырғыз, Күнгей Алатаудағы жарылымды бұзылыстардың сейсмикалық жағдайынан күшті қауіпті жер сілкіністері өткен ғасырдың соңы мен қазіргі жүз жылдықта орын алған болатын.

1.5 Қазіргі сейсмикалық сипаты

Қазіргі сейсмикалық қозғалыстарды зерттеп анықтау үшін ҚР -ның стационарлы бақылау бекеттері СТӘЭ қолданылады. Белгілі болғандай сейсмологиялық бақылау жүйесі аталмыш ауданда біркелкі болмады, ол үшін арнайы бақылау құралдары қолданылады. Осыған орай қозғалыстардың энергетикалық деңгейлері өзгеріп, қозғалыс сипаты тіркелмеген (K_{min}). Аймақтық құралдармен бақылау жұмыстары 1927 ж бастап жүргізіліп келеді, ал нақты зерттеу жұмыстары (сезгіштігі жоғары бекет торымен) -1950 жылдан бастап орындалып келеді. Қазіргі таңда Солтүстік-Тянь-Шань сейсмикалық белсенді аумақта сандық үлгідегі 20 сейсмикалық бекет жұмыс атқарып келеді, яғни бақылау бекетінде күнделікті сейсмикалық тербелістер тіркеледі. Аумақта болып жатқан сейсмикалық тербелістер туралы ақпарат, мәліметтер алынып отырады. Әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып жер сілкінісінің деңгейін бағалау бойынша минималды жер сілкінісінің күші ($K = 5.5$) Алматы қаласының маңында тіркелген. Сонымен қатар бірнеше жоғары күшті баллды жер сілкіністері бар яғни $K 6,0$ жететін аумақтар Теріскей Іле, Күнгей, Жоңғар Алатау аудандарында тіркелген. $K 6,5$ шамасындағы жер сілкіністері барлық таулы қыраттарда тіркелген. $K = 7$ шамасындағы жер сілкінісі Солтүстік Тянь-Шань мен Жоңғарияда, ал $K = 8$ -көрсеткіштігі жер сілкінісі Қазақстанның оңтүстік-шығыс аумағының барлық жерінде анықталған [111,112]. Жер сілкіністерінің картасын талдау арқылы сілкініс күші $K \geq 9,6$ (А.сурет 1.3) болатын аймақтарда аталмыш көрсеткіштердің тегіс таралмайтындығы анықталған. Жер сілкіністерінің ірі ошақтары мен эпиорталықтары барлық аумаққа таралған, демек тығыздықтары мен аймақ үшін сипаты әртүрлі болып келеді. Жер сілкіністерінің ірі ошақтары барлық аумақты алып жатыр, демек аймақтар үшін тығыздықтары

мен орналасуы әртүрлі болып келеді. Эпиорталықтардың жоғары концентрациясы Теріскей және Күнгей Алатаудың орталық және солтүстік-шығыс бөліктеріне ұштасып жатыр. Сонымен қатар Жоңғар Алатауының шығыс бөлігінде, Ыстық көл ойпатының батысы мен оңтүстік-батыс аймақтарын қамтыған. Жер сілкіністерінің ірі ошақтары аумақтың солтүстігі мен солтүстік батысында кездеспейді.

Соңғы жылдары жүргізілген сейсмикалық бақылау жүйесі арқылы орталық зоналық бөліктерде жер сілкіністерінің қуаты $K \geq 4,6 - 5,6$ құрайды. Осы кезеңде жер сілкіністердің өлшемдері жоғары нақтылықпен анықталған болатын 1.4 суретінде жер сілкініс ошақтарының картасы берілген. Демек мұнда болатын жер сілкіністерінің қуаты 2012-2013 жылдар аралығында $K \geq 7,0$ 2010 - 2014 жж. Атап өткендей әлсіз жер сілкіністерінің болуы картада белгіленген.

Келтірілген карталардан көріп отырғанымыздай әлсіз және күшті жер сілкіністері арасындағы байланыстарды сапалы түрде талдаған кезде аса күрделі болып келеді. Бірінші кезекте күшті және орташа жер сілкіністерінің ірі ошақтары көптеген қозғалыс ошақтарының жиналған аумақтарына ұштасқан, сондықтан негізгі зонаның шеткі аймақтарында орын алған дүмпүлер жиынтығын құрайды. Бұл аймақтарда жер сілкіністері мен дүмпүлі қозғалыстар жоғары белсенділік танытып отыр. Екінші жағынан алып қарасақ күшті және орташа жер сілкіністері болатын аудандарда (көптеген жағдайда бұрыңғы жер сілкіністер) қозғалыс ошақтары тегіс немесе тіпті ойысты сейсмикалық өрістерге шоғырланады. Келтірілген аумақтық ерекшеліктер бойынша біз жер сілкініс ошақтарының күшті және орташа болып бөлініп, біркелкі таралмайтындығы туралы ақпарат аламыз. Жер сілкініс ошақтары кеңістікте сонымен қатар уақыт бойынша таралып қозғалыс сипатын қалыптастырады. Зерттелетін аудан суретінен көріп отырғанымыздай қазіргі таңда барлық қозғалыстар белсенділік сипатын қалыптастыра отырып, кең диапазондық аралықта ауданда болатын жер сілкіністері тіркеледі. Аумақтағы жер сілкіністері біркелкі болмайды. Сілкініс сипаты әртүрлі болып келеді. Сондықтан таралу аймақтары да әртүрлі. Күшті және орташа жер сілкініс аймақтары Күнгей зонада тіркелген, сондықтан жер сілкінісінің белсенділігі батыстан шығысқа қарай артып өсіп отырады. Жер сілкіністері жоғары болатын екі аймақ белгіленге, атап айтсақ Жоңғар Алатауының солтүстік және батыс бөліктері.

Тіркелген жер сілкіністері ошақтарының тереңдігі жер қыртысына байланысты.

Гипоорталықтардың абсолюттік тереңдіктері шамамен 20 км. Зерттелген аймақтан басқа тек шығыс бөлікте сілкініс ошағының тереңдігі 25 - 30 км.

